

ҚАЗАҚ ТІЛІ

1-бөлім

Бастауыш білім беру деңгейінің 3-сынып
оқушыларына арналған оқулық

(МАКЕТ)

3

Қазақ тілі. Бастауыш білім беру деңгейінің 3-сынып оқушыларына арналған оқулық. 1-бөлім, 2026 – 144 бет.

Оқулық бастауыш білім беру деңгейінің 3-сынып оқушыларына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жазылды.

Шартты белгілер



— Тыңдалым



— Оқылым



— Айтылым



— Жазылым



— Шығармашылық тапсырма



— Зертте



— Жұптық тапсырма



— Топтық тапсырма



— Ойна, ойла



— Есіңе сақта

Алғы сөз

Құрметті оқушы!

Қолыңдағы «Қазақ тілі» оқулығы – тіліміздің байлығын танып, дұрыс сөйлеуге және жазуға баулитын сенің сенімді серігің.

«Қазақ тілі» пәнін оқытудың мақсаты – сендердің қазақ тілінде еркін сөйлеп, тілдік нормаларды қолданып, ойыңды жеткізе алуға, мәтінді түсініп оқып, дұрыс жазып, сауатты сөйлеуге үйрету.

Оқулықта ұсынылған терең мазмұнды мәтіндер мен әртүрлі қызықты тапсырмаларды орындау арқылы өз ойыңды ауызша, жазбаша дұрыс әрі анық жеткізуді үйренесің.

Сабақтарда жаттығуларды орындау арқылы тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын дамытасың. Әр бөлімдегі тақырыптар өмірмен тығыз байланысты: табиғат, жақсы әдеп, сыпайы қарым-қатынас, уақыт үнемдеу, еліміздегі сәулет өнері сияқты маңызды ұғымдарды қамтиды.

Оқулықтағы QR-кодтар арқылы аудио-бейне-материалдарды игеріп және интерактивті тапсырмаларды орындай отырып, алған біліміңді бекіте аласың.

Оқулықпен электрондық оқулық, жұмыс дәптері қатар жүреді. Электрондық оқулықта түрлі материалдар, интерактивті тапсырмалар берілген. «Жұмыс дәптерінде» ұсынылған тапсырмалар логикалық, шығармашылық қабілетінді дамытуға бағытттайды.

Тілді сүйіп үйрен, өйткені қазақ тілі – ұлттың жүрегі, елдің рухы!

Іске сәт, жас дос!

Ізгі тілекпен, оқулық авторлары.

ЖАНДЫ ТАБИҒАТ

Бұл бөлімде:

- тіл және сөйлеу туралы түсінік аласың;
- жазбаша және ауызша сөйлеуді еске түсіресің;
- мәтін түрлерін және оның құрылымдық бөліктерін анықтайсың;
- сөйлеу мәдениетіне жаттығасың.



Бүгін сабақта:

- мәтіннің мазмұны бойынша пікір білдіретін сұрақтар құрастырасың және жауап бересің.



1-жаттығу. Топта кестедегі сұрақтарды талқыла. Тірек сөздерді пайдалан.

Сөйлеу не үшін қажет?	Қандай сөйлеу түрлерін білесің?	Жазбаша сөйлеуге не жатады?	Ауызша сөйлеуге не жатады?

Тірек сөздер: жазбаша, пікір алмасады, кеңеседі, ауызша, жазылым, айтылым, оқылым, тыңдалым.



2-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Тіл – қарым-қатынас құралы

Тіл – адамға берілген ең үлкен байлықтың бірі. Адамдар бір-бірімен тіл арқылы сөйлеседі, ой бөліседі, сезімін білдіреді. Егер тіл болмаса, біз бір-бірімізді түсіне алмас едік. Әлемде 7000-нан астам тіл бар. Солардың бірі – қазақ тілі.

Сөйлеу – тілді қолдану түрі. Әр адамның сөйлеу мәнері әртүрлі болады. Кейбір адамдар баяу сөйлейді, ал кейбіреулері тез сөйлейді. Бірі анық әрі түсінікті айтса, екіншісі бәсең сөйлейді. Бұл – әркімнің өз сөйлеу ерекшелігі. Анық, дұрыс және сыпайы сөйлей білу өте маңызды. Бұл сенің ойыңды басқа адамдарға жеткізуге және олардың қандай жауап беретінін түсінуге көмектеседі.

Біз сөйлеу арқылы әдепті болуды, үлкенді сыйлауды үйренеміз. Сауатты сөйлеу – мәдениеттіліктің белгісі. Сондықтан біз ана тілімізді қадірлеп, дұрыс сөйлей білуіміз керек.

- Мәтін не туралы?
- Мәтін мазмұны бойынша пікір білдіретін сұрақтар құрастыр.

Үлгі: «Тіл – үлкен байлық» дегенді қалай түсінесің?
Өз ана тілің туралы не айта аласың?



3-жаттығу. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жаз.

Қаз Құстар Адам Жапырақ

Қажетті сөздер: сөйлейді, сыбырлайды, сайрайды, қаңқылдайды.



4-жаттығу. Суретке қара. Сөйлеу түрлерін анықта.



- Саған сөйлеудің қай түрі ұнайды: ауызша ма, жазбаша ма? Неліктен?
- Суретке қандай атау берер едің? Неліктен?



5-жаттығу. «Менің тілім – ...» деп басталатын 3-4 сөйлемнен тұратын шағын мәтін жаз. Мәтінді топта жариялап, пікір білдіріңдер.

Бүгін сабақта:

- мәтіннің тақырыбын және мұғалім көмегімен негізгі ойды анықтайсың;
- көркем жазасың, жазу қарқынын жеделдетесің.



6-жаттығу. Өлеңді оқып, оған тақырып қой.

Көтеріле аспандай,
Көкте сұрша бұлт көшіп.
Жерге інжу шашқандай,
Күміс моншақ шық түсіп.

Бұтақты бүге балбырап,
Көз тартады, көріңіз.
Алма піскен албырап,
Маужырап барқыт қоңыр күз.

Қайың, терек басынан
Сарғылт тартып жапырақ.
Жерге түсіп шашылған,
Жел үрсе тек қалтырап.

Кемедей кешіп комбайн,
Алтын дария егінді,
Сүзіп жүр маржан бидайын,
Күзіміз неткен көңілді.

Т. Жароков

- Өлеңнің негізгі ойын анықта. Күздің қандай белгілерін көруге болады?
- Өлеңде күздің қай кезі (күздің басы, ортасы, соңы) суреттелген? Дәлелде.
- Сұрақтарға жауап беруде сөйлеудің қай түрін қолдандың?

ауызша

жазбаша

- Ғаламтордан егіншілердің күзгі еңбегін бейнелейтін суреттерді жүктеп, слайд жаса.



7-жаттығу. Мәтінді көркем, таза көшіріп жаз.

Күз дегеніміз – байлық, молшылық: астық, жеміс-жидек, көкөністер. Осының бәрі күзде пісіп-жетіледі. Өне, қараңдаршы! Дала да, егін де, тоғай да – бәрі де сап-сары. Сондықтан да халық күзді «алтын күз» дейді.

Ә. Табылдиев



8-жаттығу. 6 және 7-жаттығудағы өлең мен мәтіннен күздің белгілерін тауып, топта талқылаңдар. Кестеге жазыңдар.

Өлең	Мәтін	2-еуіне ортақ белгілер

- Тапсырманы орындау барысында сөйлеудің қай түрін қолдандың?



9-жаттығу. Мақал-мәтелдерді сәйкестендіріңдер.

Күздің бір күні

Жері үшін ерінбейді.

Диқан жерім дейді,

Тілдей жерден жылдық өнім аларсың.

Жердің тілін білсең,

қыстың бір айын асырайды.

- Мақалды өз сөздеріңмен түсіндіріңдер.



10-жаттығу. «Күздің кереметі» тақырыбында өз қалауыңша сурет сал.

- QR-ды аш. Бейнебаянды көріп, ойыңмен бөліс. Қалай ойлайсың, сурет салу сөйлеудің қай түріне жатады?



Бүгін сабақта:

- интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл, ым-ишара), қаратпа сөздерді қолдана отырып, тақырыпқа тыңдарманның назарын аудартасың.



11-жаттығу. Мәтінді тыңда. Қандай сыпайы сөздерді қолданды?



- Табиғатты қорғау үшін не істеу керек? Тыңдарманның назарын аудару үшін қаратпа сөздерді қолдан. Дауыс ырғағын сақтап, әңгімеле.



12-жаттығу. Мәтінді оқы.

Адам баласы сөйлесу арқылы бір-бірімен түсініседі. Көркем сөйлеу – үлкен өнер. Сөйлеу барысында дауыс ырғағы, сөздің анық айтылуы, әдептілік маңызды.

Сөйлеуді үйрену үшін көп оқу, тыңдау және әңгімелесу керек. Көркем әдебиетті оқу тілді байытады, сөздік қорыңды көбейтеді.

Әдепті сөйлей білсең, жұрт саған құрметпен қарайды.
Сондықтан әрбір адам сөйлеу мәдениетін меңгеруі қажет.

- Мәтінге тақырып қой.
- Негізгі ойды анықта. Автор не айтқысы келді?
- Осы мәтінде не маңызды деп ойлайсың?
- Төмендегі сұрақтарды пайдаланып, мәтінді өз ойыңмен жалғастыр.

- Сен сөйлеу мәдениетін қалай үйреніп жүрсің?
- Қай кезде сөзді дұрыс қолдану қиын болады?
- Әдепсіз сөз естігенде не істейсің?



13-жаттығу. Сұрақтарды пайдаланып, «Мен сөйлеу мәдениетін қалай меңгеріп жүрмін?» тақырыбында 4-5 сөйлемнен тұратын шағын мәтін құрап жаз.

- Қоғамда, мектепте, үйде әдепті сөйлеудің қандай мысалдарын көрдің?
- Әдепті сөйлеудің маңызы неде?



14-жаттығу. Ақ парақты қолданып, 3 беттен тұратын шағын кітапша жаса.

1-бет. Күз көрінісінің суретін сал.

2-бет. Еңбек адамы (шопан, егінші, бағбан т.б.) туралы 4-5 сөйлем жаз.

3-бет. «Менің күзгі еңбегім» (үйде, мектепте, аулада) тақырыбында 3-4 сөйлемнен тұратын әңгіме жаз.



15-жаттығу. QR-код арқылы интербелсенді тапсырманы орында.

- Сөйлеу мәнерін ырғағына келтіріп айт.
- Таңдаған мамандық иесіне байланысты жұбыңмен диалог құр.



Бүгін сабақта:

- өз ойыңды жүйелей отырып, диалогке қатысасың;
- тыныс белгілерге қатысты қателерді тауып, түзетесің.



16-жаттығу. Мәтінді мұқият тыңда.



- Мәтін не жайлы?
- Неліктен еңбек адамға қуаныш әкеледі?
- Мәтін мазмұны бойынша жұбыңмен диалог құр.



17-жаттығу. Сөйлемдердің аражігін ажыратып, тыныс белгісін қойып, көшіріп жаз.

Күзде адамдар бау-бақшада жеміс-жидек тереді ди-
қандар егін орады малға қысқы азық дайындайды күзде
оқушылар мектепке барады.



18-жаттығу. Жұптасып, тірек сөздерді қолданып, диалог құр.

- Сен күзде қандай жұмыс істейсің?
- ...

Тірек сөздер: *теру, жеміс-жидектер, бақта, жинау, күздің кереметі, қызу жұмыс, егіншілер, көмек көрсету.*



19-жаттығу. «Күзгі еңбек – ел ырысы» тақырыбында постер жасаңдар.

- Сурет салып, еңбек түрлерін ата.
- Жұмысыңды сыныпта қорға.



20-жаттығу. Өзің тұратын жердегі күздің көрінісін сипатта. Өлеңді оқып, салыстыр.

Алтын, сары, қызыл, көк...
Алуан-алуан жапырақ,
Күзгі бақта күлімдеп,
Көз тартады атырап.
Күн шуаққа маужырап,
Жатыр еді атырап.

Ағаштардан жамырап,
Ұшты кенет жапырақ.
Ой, алақай, тамаша,
Шашу шашты, жапырақ.
Бақтың іші алаша,
Аунар ма еді жатып ап.

Қ. Шаңғытбаев



21-жаттығу. Ұйқасын тауып, жаз.

Күзде бақта ... ,
Жемістердің
Еңбектенген адамның
Жайнай берсін

Керекті сөздер: *көп түрі, көңілі, молшылық.*

Бүгін сабақта:

- мәтіннің тақырыбын және негізгі ойды анықтайсың;
- каллиграфиялық нормаларды сақтап жазасың.



22-жаттығу. Мәтінді мұқият оқы.

Орман – табиғаттың асыл қазынасы. Онда сан түрлі ағаштар өсіп, жануарлар мен құстар мекендейді. Ағаштар ауаны тазартып, адамдарға таза тыныс береді. Орманда өсетін шөптер мен жемістер денсаулыққа пайдалы. Ағаштан үй, жиһаз, қағаз сияқты қажетті заттар жасалады.

Орман елге байлық пен сұлулық сыйлайды. Сондықтан оны қорғау – әр адамның міндеті. Ағаштарды сындырмай, қоқыс тастамай, табиғатты аялау – нағыз елін сүйген азаматтың ісі.

- Мәтін не туралы? Оған атау қой.
- Орманды не үшін қорғау керек?
- Мәтіннен орманның адам өміріндегі маңызын білдіретін 2 сөйлемді тауып, дәптеріңе жаз.
- Мәтін түрін анықта.





23-жаттығу. Мәтін мазмұнына сәйкес келмейтін сөйлемді алып тастап, көркем жазу талаптарына сай көшіріп жаз.

Орман – көптеген жан-жануардың үйі. Мұнда қояндар, түлкілер, бұғылар, түрлі құстар мекендейді. Кешкісін автобус тұраққа тоқтады. Орман оларды суықтан, жауыннан қорғайды, қорекпен қамтамасыз етеді.



24-жаттығу. Суретке мұқият қара. Керекті сөздерді пайдаланып, мәтін құрап жаз.



Керекті сөздер: күз, қысқы азығын, жаңғақтар, шырша бұрлерін, інін дайындайды, ағаштан ағашқа, кепкен жемістер.

- Құраған мәтініңе атау қой.
- Үй жануарлары өздеріне қорек дайындай ма?



25-жаттығу. Жұптасып сөздердің мағынасын түсініп алыңдар. Өлең шумағын құраңдар.

Торғаймын, қорғаймын, шіркейден, торғаймын, бау-бақшаны, құрт-құмырсқа, суықтан, да, мен, тоңбаймын.



26-жаттығу. Мәтінді мұқият оқып, өзің аяқта.

Ұлпан жап-жасыл орманды жанындай жақсы көретін. Күз келіп, гүлдер ғайып болды. Жыл құстары ұшып кетіп жатты. Жапырақтар сарғайып түсе бастады. Тек емен басында ғана жапырақтар қалды. Оның өзі де күннен-күнге сирей бастады. Бірде Ұлпан шыдай алмай, үйінен желім, жіп алып шығып, өзі жақсы көретін қарт еменге қарай жүгіре жөнеледі. Оның қалған жапырақтарын жел ұшырып әкетпесін деп, бұтақтарына желімдей бастады...

Бүгін сабақта:

- тірек сөздер мен жоспар бойынша әңгіме құрастырасың.



27-жаттығу. Мәтінді тыңда.



- Тірек сөздерді жаз.
- Мәтінге қандай атау қоюға болады?
- «Жасыл желек» деген тіркестің мағынасын түсіндір.



28-жаттығу. Жоспар бөліктерін оқып, ретімен жаз.

Жоспар:

- Табиғатты қорғау – әркімнің міндеті
- Мектеп ауласында
- Жасыл желекке күтім
- Мәтінге тән белгілерді есіңе түсіріп, толықтыр.

МӘТІНГЕ ТӘН БЕЛГІЛЕР





29-жаттығу. Мақалды аяқтап жаз.

Отансыз адам –

... ..

Жаңбыр бір жауса,

... ..

Ағаш жапырағымен,

... ..

Жел дауылды шақырады,

... ..

Керекті сөздер: терек екі жауады, ормансыз бұлт-
бұлт, бұлт жауынды шақырады, жер топырағымен.



30-жаттығу. Суретке қара. Суретке байланысты 5 сөз айт.



- 5 сөзді пайдаланып, шағын мәтін жаз. Мәтінді «Мен табиғатты жақсы көремін, өйткені...» деген сөйлеммен баста. Қосымша дереккөздерден «Таза Қазақстан» акциясы туралы біліп ал. Табиғат ананы неліктен қорғауымыз керек? Табиғат бізге не береді? Сөзіңнің соңында табиғатты қорғауға қалай атсалысатыныңды айт.

Бүгін сабақта:

- мәтіннің мазмұны бойынша пікір білдіретін сұрақтар құрастырасың және жауап бересің.



31-жаттығу. Сызбаға сүйене отырып, мәтін түрлері туралы біліміңді есіңе түсір.





32-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Сексеуіл

Сексеуіл – ағаш тұқымдас өсімдік. Сексеуіл құмды бекітіп ұстап тұратындықтан, оны құмды шөлдің қорғаны деп атайды. Орталық Азия мен араб елдерінде онға жуық түрі болса, біздің елімізде ақ, қара және зайсан сексеуіл деген үш түрі кездеседі. Ақ сексеуіл құмды төбелерде, қарасы тегіс жазықтарда өседі. Оның тамыры 10–11 метр тереңдікке дейін кетеді. Олар баяу бой көтереді, жиырма бес жылда 1,5–2 метрге дейін өседі, тіпті бұтақтарының биіктігі 5 метрге дейін өсетіндері де кездеседі. Ал қарасы, ақ сексеуілге қарағанда, жуандау әрі ірі келеді, биіктігі 7 метрге дейін жетеді. Тамырын тереңге жаяды. Осы екеуіне тән ерекшеліктер зайсан сексеуілінде де бар.

Н. Бисүгіров, орман қорықшысы

- Негізгі ойды айқында.
- Мәтіннің мазмұны бойынша пікір білдіретін сұрақ қой. Сұраққа жауап бер.
- Мәтін түрін анықта.



33-жаттығу. Ақпаратты оқы.

Сексеуіл – шөл мен шөлейт жерлерде өсетін ерекше ағаш. Оның тамыры жердің терең қабатына дейін кетеді. Сексеуілдің жапырағы болмайды, тек ұсақ бұтақтары бар. Ол ыстыққа да, суыққа да төзімді.

Сексеуілдің жас бұтақтарын түйелер мен қойлар құмарта жейді.



- Мәтін түріне ажырат.
- 32-33-жаттығулардан алған ақпаратты кесте бойынша қорытындыла.

Атауы	Өсетін ортасы	Табиғаттағы ерекшелігі	Адамдарға пайдасы



34-жаттығу. Мәтінді көшіріп жаз.

Жазушы Мұхтар Әуезов сексеуілді «шөл патшасы» дейді. Сексеуіл өскен жерде құмды жел айдап кете алмайды. Жаққан кезде қызуы мол, шоғы ұзақ сақталады. Сондықтан отынға пайдаланылады. Қазір кесуге тыйым салынған.

Т. Болсынбек

- Мәтін түріне ажырат.
- Сенің ойыңша, сексеуілді кесуге неге тыйым салынды?



35-жаттығу. 1 минуттық бейнеролик жасаңдар, онда сексеуіл ағашының экологияға пайдасы туралы айтылуы керек.

- Сексеуілдің қай жерде өсетінін, қалай өсетінін түсіндіріңдер.
- Сексеуілдің фотосуреттерін, табиғатқа қатысты бейнелерді немесе өздерің түсірген бейнебаяндарыңды қосыңдар.



36-жаттығу. Жұмбақты оқы. Шешуін тап. Жатқа жаз.

Шөлде гүлдейді, құлпырады,
Суда өмірі қырқылады.

(...)

Бүгін сабақта:

- мәтіннің түрін (әңгімелеу) ажыратасың, құрылымдық бөліктерін анықтайсың;
- қателерді тауып, түзетесің.



37-жаттығу. Мәтінді мұқият оқы. Не туралы екенін анықта. Атау қой.

Күз келді. Қаздар жылы жаққа бет алды. Ағаш жапырақтары сарғайып, баяу жерге түсіп жатыр.

Айгерім мен Әділ мектептен келе жатып, ұшып бара жатқан құстарды ұзақ қарап тұрды. Әділ:

– Қарашы, қаздар қалай тізіліп ұшады? – деді.

– Иә, олар сыналай ұшып, артындағы жолдастарының ұшуына жеңілдік туғызады. Белгілі бір уақытта ең алдындағы құс артқа өтіп, орнын арттағы құс басады екен, – деді Айгерім.

– Қаздар нағыз ұйымшыл, бір-біріне қамқор тіршілік иелері екен ғой! – деп қорытындылады Әділ.

– Иә, бұлар да басқа қанаттылар сияқты көк күмбездің тұрғындары ғой. Еркін самғайды.

Ә. Исабаева

- Мәтін түріне ажырат.
- Мәтінді бөліктерге бөл (басы, негізгі бөлім, қорытынды).
- Негізгі бөлімін көшіріп жаз.



38-жаттығу. Кестеге мұқият қара. Ереже құрастыр.

Мәтін түрі	Сұрағы	Нені баяндайды?	Бөліктерін ата
Әңгімелеу мәтіні	Не істейді? Қайтеді?	Бір нәрсе туралы хабарлайды	Кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды



39-жаттығу. Олеңді оқы. Қатені тауып, дұрыс нұсқасын жаз.

Күз келді, жапырактар сарғайды,
Менің жаным кереметті қалайды.
Аспанда адемі ушқан бір топ құс,
Жылы жакқа мені кимай барады.

Е. Саболов



40-жаттығу. Мәтінді оқып, оған атау қой.

Әлемде тырналардың 15-ке жуық түрі белгілі, олардың көбісі Қызыл кітапқа енген. Бүркену үшін тырналар қанаттарына балшық жағып, жұмыртқаларын басады, балапандарына қарайды. Бұл әдіс жыртқыштардан қорғануға көмектеседі.

- Өзің тұратын жерде тырналар кездесе ме?



41-жаттығу. Сурет пен тірек сөздерді пайдаланып, 3-4 сөйлемнен тұратын әңгімелеу мәтінін жаз.



Тірек сөздер: күз, құс, аспан, жылы жақ, қанат, отырықшы құс, қимастық.



42-жаттығу. QR-код арқылы интербелсенді тапсырма орында. Жасырынған құс аттарын тап.



Бүгін сабақта:

- мәтіннің түрін ажыратасың және мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықтайсың.



43-жаттығу. Мәтінді мұқият оқы.

Бүркіт – жыртқыш құстар ішіндегі ең ірі, ең күшті әрі айбынды, жылдам ұшатын қыран құс.

Бүркіттің денесі өте мығым, ірі. Оның ұзындығы 95 см-ге дейін жетіп, салмағы 3 кг-нан 6 кг-ға дейін тартады. Қанаттарын жайғанда ұзындығы 2 метрге дейін жетеді. Ұшқан кезде кең қанаттары мен қысқа құйрығы «ұшып бара жатқан қанатқа» ұқсайды. Қауырсындарының түсі біркелкі қара қоңыр болады. Желкесі мен мойнының сырты сәл сарғыш-жирен түсті болып келеді. Тұмсығы төмен қарай иіліп келген, ұшы үшкір, болаттай өткір.

Қазақ халқы оны ежелден қастерлеп, еркіндіктің, батырлықтың, қайсарлықтың және өрліктің символы деп санайды. Халық арасында «Құс патшасы – бүркіт, аң патшасы – арыстан» деген теңеу бар.



- Мәтінге атау қой.
- Мәтіннің негізгі ойын анықта.

- Мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықта. Мәтін неше бөліктен тұрады? Әр бөлік қандай жолдан бастап жазылған? Әр бөлікте не туралы айтылғанын әңгімеле.
- Мәтіннің түріне ажырат. Дәлелде.



44-жаттығу. Кестеге мұқият қара. Ереже құрастыр.

Мәтін түрі	Сұрағы	Нені баяндайды?	Бөліктерін ата
Сипаттау мәтіні	Қандай? Қай?	Адам, табиғат, жануарлар сипатталады (түрі, сипаты, ерекшелігі)	Кіріспе, негізгі бөлімі, қорытынды



45-жаттығу. Мәтінді оқып, түсінігінді айт.

Бүркіттің өткір көзі алысты шолып, биіктен барлығын бақылай алады. Олардың көзі адамнан да қырағы. Тіпті кең ауқымды жерді бүге-шегесіне дейін көре алады. Бүркіт адамның бөлек-бөлек көретін бірнеше көрінісін бір қарағанда-ақ бүтіндей көре алады. Бұл қасиет оларға аңға шыққанда көп көмектеседі.

- Мәтін түрін анықта. Мәтін әңгімелеу мәтіні ме, сипаттау мәтіні ме? Дәлелде.



46-жаттығу. Суреттерге мұқият қара. Өзің қалаған құс жайлы сипаттау мәтінін құра және жаз.



Нұсқаулық:

1. Сипаттау мәтінін жазу үшін құстардың белгілерін (түрін, түсін, ерекшелігін) анықта.
2. Сипаттау нақты болу үшін қандай сөздерді қолданатыныңды ойлан.



47-жаттығу. Орны ауысқан сөйлемдерді ретке келтіріп жаз.

Олар – отбасында жеті атасынан бері бүркітшілер. Айшолпан туралы режиссер Отто Белл «Құсбегі ару» («The Eagle Huntress») атты фильм түсірген. Баян-Өлгейде дүниеге келген қазақ қызы Айшолпан Нұрғайыпқызы 8 жасынан бері құсбегілікпен айналысып келеді. Айшолпан Нью-Йорк қаласында «Азиядағы өзгеріс жасаушы» («Asia Game Changer») сыйлығын иеленген.


«Көшпенділер ойыны» кітабынан

- Айшолпан туралы зерттеп, әңгімеле.
- Саған қандай ұлттық ойындар ұнайды?



48-жаттығу. Т әрпінен басталатын құстардың атын жаз.

Т			н				
	о						
			ы				
	ү						
					д		



- Әр құсты сипаттайтын 1-2 сөйлем құрастыр.

Бүгін сабақта:

- мәтіннің түрін ажыратасың және оның құрылымдық бөліктерін анықтайсың.



49-жаттығу. Мәтінді оқы.

Қарлығаш – қасиетті құс


Қарлығаш – әлемдегі ең әдемі және еңбекқор құстардың бірі. Ол – жақсылықтың хабаршысы. Қарлығаш – әуеде ұшып жүргенде демалуды білмейді, тынымсыз. Ұзын, айыр құйрығының арқасында кенеттен бұрылып, тез ұша алады. Ол ауада ұшып жүрген зиянды шын-шіркейлерді жейді. Сондықтан қарлығаш біздің бақшамыз бен үйімізге көп пайда әкеледі. Сонымен бірге қарлығаш – адалдықтың белгісі. Әрқашан бір жұп болып өмір сүреді. Ең қызығы, олар бір жылдары салған ұяларына келесі жылы қайтып оралады. Өздерінің үйлерін ешқашан ұмытпайды.



- Мәтіннің негізгі ойын айт.
- Мәтіннің түрін анықта.
- Дәлелдеу пікірін тауып оқы.
- Мәтінді бөліктерге бөл. Әр бөлікке атау қой.



50-жаттығу. Сызбаны мұқият қара. Ереже құрастыр.



51-жаттығу. Мәтінді оқы. Пайымдау мәтіні екенін дәлелде.

Ежелден қазақ халқы қарлығашты киелі құс деп санаған.

Ата-әжелеріміз «Қарлығаш ұя салған үйге бақыт пен ырыс қонады» деп айтатын. Бұл – қарлығаш адамдарға тек жақсылық әкеледі деген сөз. Сондықтан адамдар оның ұясына тимейді. Оны қорғау – біздің міндетіміз.

- Пайымдау мәтінінің екінші бөлігін көшіріңдер.



52-жаттығу. Жұмбақтың шешуін тауып, жатқа жаз.

Қос қанатын иіп ап,
Жарға келіп қонады.
Қара киім киіп ап,
Балшықтан үй соғады.
Бұл қай құс?

(...)



53-жаттығу. «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісінен дәлелдеу пікірді, дәлелді, қорытынды жаз.

- «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» мультфильмін көр.



Бүгін сабақта:


- мәтін түрлерін және оның құрылымдық бөліктерін анықтайсың.



54-жаттығу. Суретке қарап, өз ойларыңды білдіріңдер.

– Қандай құстарды «әнші» деп атайды?

– Сен осындай құстарды көрдің бе?



55-жаттығу. Мәтіндерді оқы. Олардың түрін анықтап, сәйкестендір. Айырмашылығын түсіндір.

Бұлбұл – жыл құсы. Бұлбұлды сыртқы келбетіне қарап бірден тану қиын. Оның көлемі кішкентай, дене тұрқы шамамен 16–19 см аралығында, салмағы 17–26 грамм шамасында болады. Мамығы қара-сұр болып келеді. Арқасы мен қанаттары күңгірт, ал бауыры ақшылдау болады.

Өңгімелеу мәтіні

Бұлбұл – әдемі дауысымен танылған құс. Оның үнін естіген адамның көңілі көтеріліп, оған шабыт сыйлайды. Қазақ халқы бұлбұлды әрқашан сұлулықтың нышаны деп санаған. Халық әншілерін де «бұлбұлдай сайраған» деп дәріптеген. Шынында да, бұлбұлдың даусы таза, әуезді, ерекше. Сондықтан адамдар оны жақсы көреді, қорғайды. Бұлбұл – табиғаттың керемет сыйы.

Сипаттау мәтіні

Таңертең Айдана терезені ашты.

Үй маңындағы ағашта бұлбұл сайрап отыр екен. Оның әсем үні бүкіл аулаға жайылды. Айдана құстың даусына таңданып, біраз тыңдап тұрды. Кенет бұлбұл жақын бұтаға қонды да, тағы да шырылдай бастады. Бұлбұлдың әсем дауысынан әсерленген Айданың жүзіне қуаныш ұялады.

Пайымдау мәтіні



56-жаттығу. Мәтінді оқы. Не байқадың? Мәтін мазмұнын бөліктері бойынша реттеп жаз.

Мұны көрген сарышымшықтар жетіп келеді. Жердегі дайын олжаны теріп, жей бастады. Осылайша күн ұзаққа тоқылдақтың соңынан қалмады. Әбден тойды.

Күн суық. Сарышымшықтар топ-топ болып ұшып жүр. Олар ашығып, бүріскелі біраз болды.

Орман ішінде тоқылдақтың тоқылы ғана естіледі. Тоқылдақ бір үлкен қарағайға келіп қонады. Оның қабығын тесті. Үңгіп жеп жатқан құртты, шыбын-шіркейлерді суырып ала бастады. Тоқылдақтың шұқып түсірген қоңыздары мен құрттары жер бетін қаптады.

- Мәтін түрін анықта.



57-жаттығу. Мақалдарды оқып, мағынасын түсіндір.

1. Құс қанатымен ұшады, адам талаппен ұшады.
2. Құстың дауысы — көктемнің әуені.
3. Табиғатты сүйген адам – туған елін сүйеді.

- Жұбыңмен талқыла: бұл мақалдардың қайсысы пайымдау мәтініне ұқсайды?

Бүгін сабақта:

- мәтін түрін анықтайсың;
- мәтінге тақырып қоясың, жоспар бойынша мәтін құрастырасың.



58-жаттығу. Мәтіндерді оқы және салыстыр. Ұқастығы мен айырмашылығы неде?

Күздің шуақты күні еді. Аян аулада отырып, құмырсқалардың тіршілігін қызықтады. Жәндіктер бір сәт те бос тұрмайды. Бірі нанның үгіндісін сүйретіп барады, екіншісі жаппырақ қалдығын көтеріп келеді. «Қандай еңбекқор жәндіктер!» – деді Аян сүйсініп.

Құмырсқалар – өте еңбекқор жәндіктер. Олар топтасып өмір сүреді. Әр құмырсқаның өз міндеті бар: бірі азық іздейді, екіншісі ұя салады, үшіншісі дернәсілдерді қорғайды. Құмырсқалар бір-бірімен иіс арқылы байланысады.

- Қай мәтінде сиппаттау басым?
- Қай мәтінде нақты деректер бар?
- Мәтіндерге тақырып қой.

Үлгі:

Мәтін түрі	Тілі	Мақсаты	Құрылымы
Ғылыми мәтін	Нақты, дәл	Ақпарат беру	Фактіге негізделген
Көркем мәтін	Бейнелі, әсерлі	Сезім, көзқарас білдіру	Оқиғаға негізделген

Зат **ғылыми** мәтінде нақты, ал **көркем** мәтінде бейнелі суреттеледі.

Ғылыми мәтінде заттың қайда кездесетіні, сыртқы бейнесі, адамның қалай пайдаланатыны ескеріледі.



59-жаттығу. Мақалды оқып, жатқа жаз. Мағынасын түсіндір.

1. Еңбек түбі – береке.
2. Еңбек еткен емеді, еңбексіз не өнеді?



60-жаттығу. Мәтінді мұқият оқы. Ғылыми мәтінді көркем мәтінге айналдыр. Тақырып қой.

Көбелектер – әдемі жәндіктердің бірі. Олар көбінесе гүлдер арасында тіршілік етеді. Табиғатта ақ көбелек көбіне ақ гүлге, сары көбелек сары гүлге қонады. Бұл – олардың табиғи қорғану тәсілі.



61-жаттығу. «Еңбекқор жәндік» тақырыбында сурет пен жоспарды пайдаланып, 3-4 сөйлемнен тұратын мәтін жаз.



Жоспар:

1. Сеніңше қандай жәндік еңбекқор?
2. Оның пайдасы қандай?
3. Неліктен оны ерекше санайсың?

- Жазған мәтінің түрі мен жанрын анықта.

Бүгін сабақта:

- мәтіннің мазмұны бойынша пікір білдіретін сұрақтар қоясың және сұрақтарға жауап бересің;
- мәтін түрлерін, стилін салыстырып, айырмашылығын табасың.



62-жаттығу. Мәтінді оқы. Мәтін түрі мен стилін анықта.

Қой шаруашылығы – қазақ халқының ертеден келе жатқан кәсібі. Қазақтар қойды еті, сүті, жүні мен терісі үшін өсірген. Қой қазақтың тұрмысында маңызды орын алады. Өйткені ол адамдарға тамақ, киім және жылу береді.



Қазақтың ерекше қой тұқымдарының бірі – **қызыл қой**. Бұл қойдың жүні қалың, суыққа төзімді. Сондықтан қазақ халқы қызыл қойды бағалап, оны өз еңбегінің, ең басты малының бірі деп санаған.

- Мәтін мазмұны бойынша пікір білдіретін сұрақ құрап жаз.
- Сұрақтарға жауап бер:
 1. Қазақ халқы үшін қой шаруашылығы неге маңызды болған?
 2. Қойдың қандай түрлерін білесің?
 3. Қойдың төлі қалай аталады?
 4. Қызыл қойдың қандай ерекшелігі бар?



63-жаттығу. Мәтінді оқы. Тапсырмаларын жұпта орында.

Әке-шешем қойшы болды. Айдалада – ақ боз үй. Айналаның бәрі – бұйра-бұйра құм. Бір отар малды құдықтан суарады. Бір отарда мыңға жуық қой бар. Құдықтың басындағы айналмалы ағаш шығыр арқылы түйеге арқан байлап, қауға тартамын. Қанша қауға тартқанымды санап отырамын. Жүзге дейінгі санды қауға тартып жүріп үйрендім.

К. Әмірбек

- Мәтін түрі мен стилі қандай? Дәлелде.
- Қойды қалай суарған?
- Мәтіндегі төрт түлік жайлы не білесің?
- Мәтін мазмұнын суретпен бейнеле.



64-жаттығу. Алдыңғы 2 мәтінді салыстыр. Айырмашылығы мен ұқсастықтарын тауып, кестені толтырыңдар. Қорытынды жасаңдар.

	Мақсаты қандай?	Тілі қандай?	Эмоциясы қандай? (аз, көп)
Ғылыми мәтін			
Көркем мәтін			



65-жаттығу. Мәтінді көшіріп жаз.

Атам жайлауға құлынды бие мініп келді. Оны ағашқа байлап қойды. Биенің қасында ойнақтап жүрген құлын әдемі-ақ. Мен алыстан қызығып қарап тұрдым. Жақындауға жүрексіндім. Біраздан кейін тәуекел еттім. Құлын менен үркіп, біраз жерге ұзап барып, қарап тұрды. Мен ...

- Мәтін түрі мен стилін ата. Мәтінге атау қой.
- Мәтін бөліктерін талда. Қай бөлік жазылмаған?
- Соңғы бөлікті құрастырып, мәтінді аяқта.

Бүгін сабақта:

- сөйлеу барысында интонацияны, тілдік құралдарды қолдана отырып, тыңдаушының назарын аударасың.



66-жаттығу. QR-кодты ашып, бейнебаянды көр.



- Мәтінді тыңдап, негізгі ойын анықта.
- Мәтін туралы өз пікіріңді білдір.
- Мәтінде сипаттау және пайымдау мәтіндерінің элементтері барын дәлелде. Барлық халықтың жылқыны мінген себебі неде?



67-жаттығу. Жұптасып диалогті жалғастыр.

- Айжан, жылқының пайдасы жайлы не білесің?
- Жылқыны ата-бабамыз көлік ретінде пайдаланған.
- Иә, келісемін.
- Айтпақшы, Жанар, жылқының сүті де пайдалы ғой.
-
-

- Интонация мен тілдік құралдарды (қимыл, ым-ишара) қолданып, сыпайы сөйлес.



68-жаттығу. Мәтінді оқып, мазмұнын қаратпа сөзді қолданып, баянда.

Көшпенділер балаларын кішкентайынан атқа отыруды үйреткен. 3–4 жасында тай немесе жорғаға мінгізіп, жетекке алып жүрген. 5–6 жастан атқа өз бетімен мінетін болған. Атпен ойналатын ойындар өте маңызды болды: ойындар

арқылы балалар батыл, шапшаң болып өсіп, шауып келе жатып та түрлі әрекеттерді орындай алатын болған.

Қ. Қараева



69-жаттығу. Мәтіннің бірінші бөлігін көшіріп жаз.

Жылқы – адамның ежелгі серігі әрі сенімді көлігі. Ол төзімділігімен, сұлулығымен және жылдамдығымен ерекшеленеді.



Қазақ батырларының да өздерінің жүйрік аттары болған. Мысалы, Қобыланды батырдың аты – Тайбурыл, Алпамыс батырдың аты – Байшұбар. Бұл аттар жай жылқы емес, иелерінің ең сенімді серігі, досы болған.

М. Шокубасова

- Мәтінге атау қой.
- Мәтіннің түрін ата.
- Топта мәтіннің мазмұнына сәйкес жылқы жайлы жарнама жаса.



70-жаттығу. QR-кодты ашып, тапсырманы орында.



71-жаттығу. Сөзжұмбақты шеш.

		1.	Ж				
		2.	Ы				
3.			Л				
		4.	Қ				
5.			Ы				

1. Ат әбзелі
2. Жылқының сүтінен дайындалатын сусын
3. Жылқының төлі
4. Жылқының пірі
5. Ат әбзелі

Бүгін сабақта:

- өз сөзінді жүйелей отырып, сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысасың;
- жіберілген қателерді тауып, түзетесің.



72-жаттығу. Мәтінді мұқият тыңда.



Қазақстанның Қызыл кітабы



- «Қызыл кітап» туралы не білдің?
- Сөйлеу мәдениетін сақтап, өз ойыңды 2-3 сөйлеммен жеткіз.



73-жаттығу. Берілген үлгіге сүйеніп, өз диалогінді құр.

Бүгін мектепте «Табиғатты қорғайық!» тақырыбында үлкен шара өттіп жатыр. Оған әр сыныптан оқушы-

лар қатысып, жобалар қорғады. Оған қатысқан екі оқушы сөйлесіп тұр.

Үлгі:

– Сен бүгін не білдің?

– Мен қар барысы мен қоқиқаз туралы көп мәлімет білдім.

– Қызық екен! Ал олардың неге Қызыл кітапқа енгенін білесің бе?

– ...



74-жаттығу. Мәтінді оқы. Екінші бөлігінде қате жазылған сөздерді тап және түзетіп көшіріп жаз.




Дала қызғалдағы даланы жайылым үшін ретсіз пайдалану кесірінен азайып кетті. Шренк қызғалдағы құнарлы топырақта өседі, құмды жерді ұнатпайды. Тұқымынан көбейеді. Алайда қызғалдақ тұқымының жетілуі үшін 15 жыл керек. Гүлі түсіп, сабағы қурағаннан кейін бойындағы бар қоректік затты тамырына жинайды. Содан қыс бойы күш жинап, көктемде жуашығынан қайта көктейді. Осылайша, жыл өткен сайын өсімдік ірілене береді.

Қазіргі кезде қазақстанда қызғалдақтың 40-қа жуық түрі тіркелсе, оның тең жартысы «қызыл кітапқа» енген. Қызғалдақтарды қорғау – біздің міндетіміз.

- Мәтін не туралы?
- Оған атау қой.
- Өзің тұратын жерде қызғалдақ өсе ме? Өссе, қандай түрі?
- Шренк қызғалдағының суретін сал.
- Мәтін түрін анықта.



75-жаттығу. Суреттерді қара. Мұғалімнің көмегімен «Қызыл кітапқа» енген жануарлардың аттарын жаз.



- Бір жануарды таңдап, сипаттау мәтінін жаз.
- Бір жануарды алып, оның қасиеттерін сипаттап, жұбыңа жасыр.
- Өзің тұратын жердегі «Қызыл кітапқа» енген бір өсімдік немесе жануар туралы қаратпа сөздерді қолданып, жұбыңмен диалог құрыңдар.
- Қызыл кітап –
Тірі жан тимесін деп,
Хайуанатқа берілген қызыл мандат, – деген ақын Қадыр Мырзалиевтің өлең жолдарын түсіндір.



76-жаттығу. «Кім зейінді?» ойыны. Оқушылар тақтада ілінген жануарлардың суреттерін «Қорға» және «Бақыла» тақырыптарына топтастырады. Егер жануар Қызыл кітапқа енген болса, «Қорға» тақырыбының астына ілінеді. Егер жануар енбеген болса, «Бақыла» тақырыбының астына ілінеді. Ойын соңында өз таңдауларын түсіндіреді:

- Неге бұл жануарды қорғау керек?
- Неге бұл жануарды тек бақылау жеткілікті?

Бүгін сабақта:

- мәтін бойынша жоспар құрып, мазмұндама жазасың.



77-жаттығу. Мәтінді екі рет тыңда.



- Мәтін не туралы? Мазмұнын қысқаша айтып бер.
- Мәтіннің бөліктерін анықта. Әр бөлікке атау қойып, жоспар құр.
- Жоспарды дәптеріңе жазып, мәтіннің мазмұнын жаз.



1. Мәтін құрылымын сақта.
2. Бас әріп, тыныс белгілерін дұрыс қой.
3. Әр сөйлемді көркем әрі түсінікті жаз.



78-жаттығу. Мәтінді оқып, атау бер, мазмұнын баянда.

Баяғыда аң патшасы арыстан ормандағы барлық аңдарды жинап, «Дүниеде ең ақылды, епті, қайратты кім?» – деп сұрапты. Түлкі мен басқа аңдар арыстанды мақтап, «Сізден ақылды ешкім жоқ!» – деп жағымпазданыпты. Сол кезде бұрышта үнсіз жатқан итке арыстан ашуланып:

– Сен неге үндемейсің? – депті.

Ит сабырмен:

– Мен үшін дүниедегі ең ақылды да, ең қайратты да – адам, – деп жауап беріпті.

Арыстан бұл сөзге қаһарланып, итті орманнан қуып жібереді. Содан бері ит адамдардың досы мен көмекшісіне айналыпты. Сол себепті халқымыз «Ит – жеті қазынаның бірі» дейді.

- Жеті қазына деген не?



79-жаттығу. Тақырыбы мен жоспарға қарап, шағын мәтін жаз.

Тақырыбы: Ит – адамның досы.

Жоспар:

1. Адам өміріндегі иттің алар орны.
2. Ит – иесіне адал дос.
3. Итке қамқор болу – әр адамның міндеті.



80-жаттығу. Төрт суреттен бір мақал шығар.



Бүгін сабақта:

- мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтар құрастырасың және жауап бересің;
- мәтіннің түрін ажыратасың және оның құрылымдық бөліктерін анықтайсың;
- жіберілген қателерді тауып, түзетесің.



81-жаттығу. Мәтінді оқы.

Күн батуға тақап қалды. Батыстан самал жел есті. Бақташылар қора-қора қой мен табын-табын сиырды, үйір-үйір жылқыны ауылға қарай беттетіп келеді. Күнұзақ жайылған мал да тойынған. Олар аяқ астындағы жайқалған шөпке қарамай, ауылға қарай тура тартып келеді. Желіні жер сызған сиырлар мен саулықтар сауғанша асық. Құлын-тайлар жарысып, балаша ойнайды.

Алыстан естілген мәңіреген, маңыраған, кісінеген, шұрқыраған дауыстар адам бойын елжіретеді.

Ә. Нұрпейісов

- Мәтін мазмұны бойынша үш сұрақ қой және жауап бер.
- Мәтін түріне ажырат.
- Мәтіннің бөліктерін ажыратып, жоспар құр.



82-жаттығу. Жаңылтпашты жатқа жаз.

Келген малшы,
Әрі әнші,
Әрі аңшы.



83-жаттығу. Мәтінді оқы. Тыныс белгілерін қойып, түзетіп жаз.

Қарсақ түлкіге ұқсайды денесі түлкіге қарағанда кішіректеу, терісі жұмсақ ол – жалқау аң оған ін қазу ұнамайды саршұнақ пен суырдың інін пайдаланады қарсақ небәрі бес-алты жыл өмір сүреді.

- Мәтін түріне ажырат.



84-жаттығу. QR-код арқылы өлеңді тыңда.



- Өлең мазмұны бойынша пікір білдіретін сұрақ қой.
- «Табиғатты қорғайық» тақырыбында жарнама жаса.



85-жаттығу. Мәтіндерді оқып, мазмұнын баянда.

Самұрық – барлық құстың патшасы, қайырымды алып құс. Ол ұясын биік ағаштың басына ғана салады. Бірақ жылда айдаһар оның балапандарын жеп кетеді екен. Бұл жылы да айдаһар самұрық жоқта ағаштың басындағы ұяға өрмелеп келе жатады. Оны көзі шалып қалған Ер Төстік батыр айдаһарды өлтіріп, балапандарды құтқарып қалады. Сапарынан оралған самұрық балапандарын аман-есендігін көріп, батырға алғысын жаудырады.

- Самұрық не себепті батырға алғыс айтты?
- Самұрық пен айдаһарды салыстыр.
- Ер Төстік туралы ертегіні кітапханадан тауып оқы.

Мазмұны

Шартты белгілер.....	3
1-БӨЛІМ. ЖАНДЫ ТАБИҒАТ	5
1. Тілім – байлығым. Тіл және сөйлеу	6
2. Берекелі алтын күз. Ауызекі және жазба тілде сөйлеу.....	8
3. Көркем сөйлеу – өнер. Сөйлеу мәдениеті	10
4. Күзгі еңбек. Сөйлеу мәдениетін үйренеміз	12
5. Орман – ел дәулеті. Мәтін, оған төн белгілер	14
6. Жасыл желек – жер көркі. Мәтін, оған төн белгілер	16
7. Шөл патшасы – сексеуіл. Мәтін және оның түрлері	18
8. Көк күмбездің тұрғындары. Әңгімелеу мәтіні, оның құрылымы.....	21
9. Еркіндік құс қанатында. Сипаттау мәтіні, оның құрылымы.....	23
10. Қарлығаш – біздің досымыз. Пайымдау мәтіні, оның құрылымы	26
11. Өнші құстар. Мәтін түрлерін пысықтау	28
12. Еңбекқор жәндіктер. Мәтін жанры	30
13. Төрт түлігім – байлығым. Мәтін стилі	32
14. Жылқы – ер қанаты. Мәтін түрлерін пысықтау	34
15. Қызыл кітаптың қазынасына саяхат. Мәтін түрлерін пысықтау.....	36
16. Ит – сенімді дос. Мәтін түрлерін пысықтау	39
17. Мазмұндама	40
18. Нәтиже сабақ.....	41
2-БӨЛІМ. ЖАҚСЫДАН ҮЙРЕН, ЖАМАННАН ЖИРЕН	43
19. Жақсы қасиет – адам көркі. Қаратпа сөз	44
20. Жақсылық жасаудың пайдасы. Қаратпа сөз, оның тыныс белгілері.....	47
21. Жаман әдеттерден аулақ болайық. Қыстырма сөз	49
22. Жақсы сөз жанға қуат. Қыстырма сөз, оның тыныс белгілері.....	51
23. Сыйластық – адамдықтың белгісі. Дыбыс туралы 2-сыныпта өткенді қайталау	53
24. Кішіпейілділік – дара қасиет. «Ә» дауысты дыбысы	56

25. Сабырлылық – даналық белгісі. «В» дауыссыз дыбысы.....	58
26. Еңбек – бақытқа жеткізер жол. «Ф» дауыссыз дыбысы	61
27. Мейірімді жүрек. «Ц» дауыссыз дыбысы	63
28. Жақсы іс – жақсы сөзден басталады. «Ч», «щ» дауыссыз дыбыстары	65
29. Адалдық – адамдықтың белгісі. «Ч», «щ» дауыссыз дыбыстары	67
30. Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей. «Х», «һ» дауыссыз дыбыстары	69
31. Нәтиже сабақ.....	71
32. Бақылау диктанты.....	72
3-БӨЛІМ. УАҚЫТ	73
33. Уақыт туралы не білемін? Дауыссыз дыбыстардың үндесуі	74
34. Уақыт өлшемдері. Дауыссыз дыбыстардың үндесуі	76
35. Апта күндері. Сөз және оның мағынасы	78
36. Күн мен түн. Қарама-қарсы мағыналы сөздер	81
37. Жыл мезгілдері. Қарама-қарсы мағыналы сөздер	83
38. Уақытты өлшейтін құралдар. Мәндес сөздер	85
39. Қазақша жыл қайыру. Мәндес сөздер	87
40. Отбасы шежіресі. Тура және ауыспалы мағыналы сөздер..	89
41. Өмірбаян жазуды үйренемін. Тура және ауыспалы мағыналы сөздер	91
43. Күн тәртібі – тәртіпке бастар жол. Түбір сөз және туынды сөз.....	95
44. Менің бір күнім. Түбір сөз және туынды сөз	97
45. Сағат тіліндей дәл бол. Туынды сөз жасайтын жұрнақтар	99
46. Өткенді білу – болашаққа бағыт. Түбірлес сөздер	101
47. Бос уақытты дұрыс жоспарлай аламын. Түбір және қосымша	103
48. Менің күнтізбем. Буын үндестігі.....	105
49. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	107
4-БӨЛІМ. СӘУЛЕТ ӨНЕРІ	109
50. Сәулет өнері туралы не білемін? Сөйлем	110
51. Сәулетші деген кім? Сөйлем мүшелері	112
52. Қазақтың киіз үйі. Бастауыш	114

53.	Көп қабатты үйлер. Баяндауыш	116
54.	Ескерткіштер. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері.....	118
55.	Кесене мен күмбез – ата-баба аманаты. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері	120
56.	Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері	122
57.	Тайқазан. Бастауыш пен баяндауыштың байланысы	125
58.	Әлемнің жеті кереметі. Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша.....	127
59.	Ежелгі Египет пирамидасы. Сөйлем мүшелерінің байланысы	129
60.	Астанадағы сәулет өнері. Жалаң және жайылма сөйлем.....	131
61.	Мектеп – білім сарайы. Жалаң және жайылма сөйлем.....	133
62-63.	Қорытынды диктант	134
64.	Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім	135